



Келісемін
Нұра аудандық білім беру бөлімінің
басшысы С.А.Муканова

Бекітемін



Соналы бастауыш
мектебінің меңгерушісі
А.Б.Сүлейменова

Соналы БМ оқу жоспары

Соналы БМ оқу жоспарын құрастырған
Сүлейменова А .Б. мектеп меңгерушісі
телефон.59-60-5-09

Соналы БМ педагогикалық кеңесінде ұсынылған
Хаттама № 1 20.08.2021 ж.
Хатшы: Ермуханова Н .Е.

Ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 1

23 тамыз 2021

Төрайымы: Сулейменова А.Б.

Соңалы бастауыш мектебі

Хатшысы: Ермуханова Н.Е.

Қатысқандар – 8 адам

Қатыспағандар – жоқ

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен ата – аналарды таныстыру. 2021-2022 оқу жылында жалпы мектебімізде оқу процестерін ұйымдастырудың ерекшеліктері жайлы.

Тыңдалды: мектеп меңгерушісі А.Б. Сулейменова

- Құрметті ата – биылғы оқу жылында мектебімізде 1-2-3-4 - сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқиды. Оқушылардың білімі балл арқылы есептеледі. Күнделіктеріне баға қойылмайды. Ағылшын тілі әр сыныпта - 2 сағат болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың 26 шілдесінде №334 бұйрығымен бекітілген кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің 1-сыныптар үшін 2022 жылғы 1 қаңтардан, 4-сыныптар үшін 2021 жылғы 1 қыркүйектен, 4-сыныптар үшін 2019 жылы 1 қыркүйектен басталған, қолданысқа енгізіледі;

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылдың 26 шілдедегі №334 бұйрығы негізінде биылғы оқу жылында да барлық сынып 5 күндік оқуды жалғасытарды, сенбі күні қосымша сабақтар өткізіледі. Сабақтың ұзақтығы 45 минут - 1-сыныптарда. Сабақтың басталуы – 08:00-де. 2-3-4-сыныптарда 14: 00-де басталады. Осы өзгерістермен таныстырайық және жаңа өзгерістерге талдау жасайық, келісейік деп сіздерді жинаған едік, сұрақтарыңыз болса қойыңыздар.

Қазіргі эпидемиялогиялық жағдайға байланысты барлық бекітілген санитарлық талаптырды сақтау, оқушылар міндетті түрде маска тағу, мектепке ата-аналарға кіруге рұқсат етілмейді.

Сөйлегендер: Ата – аналар комитетінің мүшесі Даниярова А.О.

- Әрине, балаларымызды оқытуға біз емес Білім және ғылым министрлігі нақты жоспарлар жасайды. Сондықтан, жасалып жатқан жұмыстар ата-аналардың да, оқушылардың да көңілінен шығады деп ойлаймын. Жаңа мазмұнды білім ата - ана мен мектептің тығыз қарым – қатынаста болғанын қажет етеді, сондықтан ата- аналар мектеппен байланысымызды күшейту керек деп ойлаймын.

Шешімі: Соңалы бастауыш мектебі 2021 – 2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарына енгізілген ерекшеліктерімен танысты, мектеппен тығыз байланыс орнату туралы шешім қабылдады.

Аталған шешімді қадағалау сынып жетекшілері мен ата-аналар комитетіне жүктелсін.

Мектеп меңгерушісі: Сулейменова А.Б



Ата – аналар комитетінің төрайымы:

Даниярова А.О.

Хатшысы:

Ермуханова Н.Е.

Соналы бастауыш мектебінің
2021-2022 оқу жылының бастауыш білім берудің оқу жоспарына
ТҮСІНІКТЕМЕ

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» пәнінің қайтарылуы.

«Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәні ІІ-жартыжылдықта енгізіледі. 1 қаңтарды 2022 ж. 2 сынып -1 қыркүйек 2022 ж.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды.

Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды.

Биылғы оқу жылында еліміздің мектептері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, ағартушы-ұстазымыз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығын атап өтеді.

Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін:

- 1) білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сыни ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш сыныптардағы сабақ форматы балаларды оқыту үдерісіне белсенді қатыстыруды, олардың өткен материалды талқылауға, талдау мен қорытуға қатысуын, зерттеу жүргізуді, бағалауға пікірлерін айтуды, өзін-өзі бағалау мен өзара бағалауды және т.б. қарастырады.

Сабақтың міндетті элементі мұғалімнің оқушыны қолдауға бағытталған әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін және білім беру үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс. Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім білім алушылардың санын және кері байланысты ұсыну жиілігін дербес анықтайды.

2021-2022 оқу жылында 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, 2-4-сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктері 1-ден 10 балға дейін (қалыптастырушы бағалау) бағаланады. Білім алушыларды қалыптастырушы бағалау нәтижелері электрондық/қағаз журналға қойылады. Мұғалімге балаларды күн сайын бағалау қажет емес. Мұғалім кері байланыс беру жиілігін және қалыптастырушы бағалауды балмен қоюды өздігінен анықтайды.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді.

✓ Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалардың қорытындылары бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады. Бастауыш білім беру деңгейінде *сыныпты екі топқа бөлу* ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
- 3) шетел тілі бойынша;
- 4) цифрлық сауаттылық бойынша;
- 5) өзін-өзі тану бойынша жүзеге асыруға болады.

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында 1, 3-4 сыныптарда үлгілік оқу жоспарындағы «Дене шынықтыру» пәнінің үш сағатының бір сағаты «Тоғызқұмалақ», «Шахмат» ойындарын оқытуға ұсынылады.

Бастауыш сыныптарда әрбір сабақта дене жаттығуларын (сергіту сәті) өткізу қажет.

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады.

Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.

Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.

Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.

2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.

Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында ұйымдастырылған Жазғы мектеп білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталды.

Жыл сайын жазғы мектеп барлық білім алушылар үшін оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарта отырып жұмыс істейтін болады. 2021-2022 оқу жылында жазғы мектептегі сабақтың ұзақтығы 45 минутты құрайды.

Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде жалпы білім беретін мектептерде қабылдау емтихандарын, тестілеуді өткізуге жол берілмейді.

- жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
 - «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
 - «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
 - «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
 - «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);
 - «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;
 - «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;
 - «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
 - «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);
 - «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;

✓ Білім мазмұнын жаңарту аясында мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, оның ішінде «Жазу сауаттылығы» қалыптастыру мақсатында 3-4 сыныптарға «Көркем жазу» факультативі енгізілді.

Мектеп меңгерушісі:  А.Б.Сулейменова

Келісілді:
Нұра ауданының білім беру
бөлімінің басшысы:
Муқанова С.А.



Бекітемін:
Соналы бастауыш
мектебінің меңгерушісі:
Сүлейменова А.Б.



Соналы бастауыш мектебінің
2021-2022 оқу жылына 1-2-3-4 сыныптарға арналған оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сынып бойынша апталық сағат саны				Жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
I	Тіл және әдебиет	10	11	11	11	43/21	1452/704
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12/4	408/136
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9/3	306/102
4	Орыс тілі (Я2)	2	2	2	2	8/4	270/134
5	Шет тілі	2	2	2	2	8/4	270/134
II	Математика және информатика	4,5	4	6	6	20,5/10/5	692/352,5
6	Математика	4	4	5	5	18/9	608/302
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	-	1	1	2,5/1,5	84,5/50,5
III	Жаратылыстану	1	1	2	2	6/3	203/101
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6/3	203/101
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	8/4	270/134
9	Дүниетану	1	1*	1*	1	4/2	135/67
10	Өзін-өзі тану	1	1*	1*	1	4/2	135/67
V	Технология және өнер	2	2*	2*	2	8/4	270/134
11	Көркем еңбек	1	1*	1*	1	4/2	135/67
12	Музыка	1	1*	1*	1	4/2	135/67
VI	Дене шынықтыру	3	3*	3*	3	12/6	405/201
13	Дене шынықтыру	3	3*	3*	3	12/6	405/201
Инварианттық оқу жүктемесі		22,5	23	26	26	97,5/48,5	3292/1626,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		-	1*	1*	1	3/1	102/34
1	Көркем жазу	-	1*	1*	1	3/1	102/34
Вариативтік оқу жүктемесі		-	1*	1*	1	3/1	102/34
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		22,5	24	27	27	100,5/49,5	4099/1660,5

Келісілді,
Нұра ауданының білім беру
бөлімінің басшысы:
Муқанова С.А.



Бекітемін,
Соналы бастауыш
мектебінің меңгерушісі:
Сулейменова А.Б.



**Соналы бастауыш мектебінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл – ой
кемістігі бар оқушыларға арналған
2021-2022 оқу жылына І сыныптарға арналған оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сынып бойынша апталық сағат саны	Жүктеме, сағат	
			апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
I	Тіл және әдебиет	6	6	198
1	Әліппе, Ана тілі	6	6	198
2	Қазақ тілі	-	-	
3	Әдебиеттік оқу	-	-	
II	Математика және информатика	4	4	132
4	Математика	4	4	132
5	Жаратылыстану	1	1	33
6	Айналадағы әлем	1	1	33
III	Адам және қоғам	1	1	33
7	Тәртіп мәдениеті	1	1	33
V	Технология және өнер	3	3	99
8	Қол еңбегі	1	1	33
9	Бейнелеу өнері	1	1	33
10	Музыка және ән	1	1	33
VI	Дене шынықтыру	3	3	99
12	Дене шынықтыру	3	3	99
Инварианттық оқу жүктемесі		18	18	594

Орындаған: Сулейменова А.Б.
Тел.: 8(72159) 50609